

Атаханова Г.М.

**Интеллектуалдық меншік
саласындағы қылмыстық
құқықтық қорғаудың
теориялық мәселесі**

Бұл мақалада ҚР Азаматтық кодексінің жаңа нұсқасындағы авторлық және (немесе) сабақтас, патенттік және өнім алу құқықтарын бұзғаны үшін қылмыстық жауаптылықтың теориялық және тәжірибелік мәселелері кешенді қарастырылған. Бұдан басқа Қазақстан Республикасының қылмыстық құқықтық нормаларын тереңінен тарихи тұрғыдан талданған, аталған саладағы құқықты бұзғаны үшін қарастырылған жаза шет ел қылмыстық заңнамасы мен Қазақстандағы қылмыстық заңнамасын салыстырмалы түрде талдаған; интеллектуалдық меншікті қылмыстық құқықтық қорғау құқықты қолдану тәжірибесінде заңдылықты жетілдіру жөніндегі ғылыми негізделген ұсыныстар талданған.

Түйін сөздер: меншік, интеллектуалдық, өнертабыс, жауаптылық, жаза.

Atakhanova G.M.

**Theoretical aspects of the
criminal-legal protection in the
field of intellectual property**

In the work of the integrated studies on theoretical and practical issues of criminal liability for violation of copyright, related, patent and inventive rights carried out with taking into account the new part 4 HC RK. In addition are considered in deep historical analysis of criminal law of Kazakhstan, the stipulating punishment for violation of the above rights; in comparative analysis of foreign criminal law and the criminal law of Kazakhstan in the sphere of human rights; in the development of scientifically based recommendations for improving legislation and practice in this area of criminal law for the protection of intellectual property.

Key words: property, intellectual, rulemaking, responsibility, punishment.

Атаханова Г.М.

**Теоретические аспекты
уголовно-правовой охраны
в сфере интеллектуальной
собственности**

В работе комплексных исследований теоретических и практических вопросов уголовной ответственности за нарушение авторских, смежных, патентных и изобретательских прав, проведённых с учётом новой части 4 ГК РК. Помимо этого, рассматриваются в глубоком историческом анализе норм уголовного права Казахстана, предусматривающих наказание за нарушение указанных прав; в сравнительном анализе зарубежного уголовного законодательства и уголовного законодательства Казахстана в сфере указанных прав; разработка научно обоснованных рекомендаций по совершенствованию законодательства и правоприменительной практики в рассматриваемой сфере уголовно-правовой охраны интеллектуальной собственности.

Ключевые слова: собственность, интеллектуальность, правотворчество, ответственность, наказания.

**ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ
МЕНШІК
САЛАСЫНДАҒЫ
ҚЫЛМЫСТЫҚ
ҚҰҚЫҚТЫҚ
ҚОРҒАУДЫҢ
ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ**

Интеллектуалдық меншік саласындағы қылмыскерліктің интеллектуалдық меншік объектілерінің қасиеттерінен қалыптасатын бірқатар ерекшеліктері бар. Ол объектілердің құрамының күрделілігі зерттеліп жатқан қылмыстардың ашылу деңгейіне әсер етеді, авторлық және онымен шектес құқықтарды бұзатын тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тартуда қиындықтарды туғызады, интеллектуалдық меншік саласындағы қылмыстардың алдын алу шараларының латенттілігі мен тиімділігінің жоғары деңгейін анықтайды. Осы саладағы қылмыстарға нәтижелі төтеп берудің қажеттігі интеллектуалдық меншік институты қызметінің даулы тұстарын теория жүзінде ұғынуды талап етеді.

ҚР ҚК-сі авторлық және сабақтас құқықтардың бұзылуын (ҚК 199 б.), сондай-ақ (ҚК 184-1 б.) меншікке қарсы қылмыстарға жатқызады. Авторлық және сабақтас құқықтарын бұзу қылмысының тікелей объектісі – авторлық және онымен шектес құқықтар ҚР Конституциясының 20 бабы кепілдік беретін әдеби, көркемдік, ғылыми, техникалық және басқа да шығармашылық түрлері бостандығының құрамдас бөлігі болып табылады [1]. ҚР Конституциясында заңның интеллектуалдық меншікті қорғайтыны туралы айтылған. Авторлық және онымен шектес құқықтармен байланысты қатынастардың реттелуіне ҚР 09.07.93 ж. № 5351-1 «Авторлық және онымен шектес құқықтар туралы» Заңы арналған. Аталған Заңның 6 б. 1 т. сәйкес, авторлық құқық туындының міндеті мен құнына қарамастан, шығармашылық қызметтің нәтижесі болып табылатын ғылым, әдебиет және өнер туындыларына да қатысты.

Авторлық құқықтар бұзылған жағдайда авторлық құқық объектілері – құнына қарамастан, жарияланған және жарияланбаған туындылар (ғылыми, көркемдік және т.б.) қылмыс заты болып табылады. Жарияланбаған туындылардың белгілі-бір объективті пішіні болады [2]. Шектес құқықтар бұзылған жағдайда қылмыстың пәні шектес құқықтар объектілері болып табылады, яғни әртістердің, қоюшы-режиссерлардың, дыбыс және бейнежазбаларды жасаушылардың, эфир уақытын ұйымдастырушылардың туындыларды (әндерді, әуендерді, қойылымдарды және т.б.) орындауы (бейнелеуі). Қылмыс затына туындылардың контрафактілік көшірмелерін немесе

фонограммаларын сатып алу, сақтау, тасымалдау арқылы қылмыс жасаған кезде аталған туындылар көшірмелері, фонограммалар қылмыстың заты болып табылады.

ҚР «Авторлық және сабақтас құқықтар туралы» Заңы идеяларға, әдістерге, процестерге, жүйелерге, тұжырымдамаларға, принциптерге, жаңалықтарға, деректерге авторлық құқыққа қолданылмайды [3].

Аталған Заңда ҚК 199 б. қорғауына алынатын сабақтас құқықтардың төрт категориясы туралы айтылған:

- 1) орындаушылардың олардың орындауына және қоюына құқықтары (орындау құқығы);
- 2) фонограммаларды өндірушілердің олардың фонограммаларына құқықтары (фонограммалық құқықтар);
- 3) эфир арқылы тарату ұйымдарының олардың эфирдегі хабарларына құқықтары;
- 4) кабельдік тарату ұйымдарының олардың көпшілікке жеткізу үшін хабарлауға құқықтары.

Авторлық құқықтар бұзылған кезде автор, оның мұрагері, автор құқықтарын берген тұлға, ал шектес құқықтар бұзылған кезде – фонограмманы орындаушы, өндіруші, егер айрықша құқық берілген заңды тұлға болып табылатын болса, эфирлік немесе кабельдік тарату ұйымы – жәбірленушілер болып табылады.

ҚК 199 б. 1 бөлігінде қарастырылған қылмыстың объективті жағы мыналардан құралады:

- 1) авторлықты иеленуден (шығармашылық ұрлық);
- 2) қылмыстың салдарынан – ірі зияннан;
- 3) аталған әрекет пен шығынның арасындағы себепті байланыстан.

Авторлықты иелену – бұл авторлық құқықтарды пайдалану мақсатымен өзін бөтен туындының авторы (тең автор) деп жариялау болып табылады (шығармашылық ұрлық). Бұл жағдайда тұлға атын атап немесе атамай жарияланымға авторлық құқығын пайдаланып қойған болады. Егер авторлық құқықты пайдалану мақсаты жоқ болса (мысалы, таныстар ортасында өзін көркемдік суреттің авторы деп жариялау), онда ҚК 199 б. қарастырылған қылмыстық құрамының белгісі жоқ деген сөз.

Қылмыстың салдары (нышандар құрамының міндетті белгісі) – бұл материалдық (қаламақы, ақшалай сыйақы алынбаған) және моральдық (құрметті атақ берілмеген, мемлекеттік және қоғамдық сипаттағы басқа да құрметтер туындының авторына немесе орындаушысына емес, өзін автор деп жариялаған басқа адамға көрсетілген) ірі залал. Егер моральды зиян туралы сөз

қозғалып отырса, «ірі залал» баға белгілейтін болып табылады және істің нақты жағдайларына қарап белгіленеді. Егер сөз мүліктік зиян туралы болып отырса, онда құны айлық есептік көрсеткіштен 500 асатын зиян ірі залал болып саналады (ҚК 199 және 184-1 б.б. ескертуді қараңыз).

Қылмыстың қылмыстық нышандар құрамы материалдық болып табылады.

Қылмыстың субъективті жағы тікелей ниетпен сипатталады. Айыпты авторлықты иеленіп отырғанын түсінеді, онымен жәбірленушіге ірі залал келтіретінін біледі және келтіргісі келеді.

Қылмыстың субъектісі – жасы 16 жасқа жеткен тұлға.

ҚК-нің 199 б. 2 және 3 бөлімдерінде қарастырылған қылмыстың объективті жағы (2 бөл.) және а ірі (3 бөл.) мөлшерде жасалған барабар әрекеттерден құралады: авторлық немесе онымен сабақтас құқықтарды пайдалану мақсатында туындылардың контрафактілік көшірмелерін немесе фонограммаларды сатып алу, сақтау, тасымалдау.

Егер авторлық немесе онымен сабақтас құқықтарды заңға немесе келісім-шартқа сәйкес оны иеленуге рұқсаты жоқ тұлға пайдаланып отырса, ол бұл құқықтарды заңсыз пайдаланып отыр деп саналады. Мысалы, кітапты оның авторының, мұрагерінің, құқықтар тапсырылған тұлғаның рұқсатынсыз жариялау, болмаса пьесаның режиссердің немесе айрықша құқықтар табысталған тұлғаның келісімісіз қою [4].

Ірі залал және ірі мөлшердің заңға сәйкес анықтамасы ҚК 199 б. ескертуінде берілген. Туындылар көшірмелерінің немесе фонограммалар даналарының немесе өнертабыстарды, пайдалы модельдерді, өнеркәсіптік үлгілерді, селекциялық жетістіктерді немесе интегралдық микросхемалар топологияларын қамтитын тауарлардың құны, болмаса авторлық немесе онымен шектес құқықтардың құны айлық есептік көрсеткіш 100 есе асса бұл елеулі мөлшер, ал 500 есе асып кетсе – ірі мөлшер немесе ірі залал деп саналады.

Қылмыстың субъективті жағы тікелей ниетпен сипатталады. Айыпты 2 немесе 3 бөлімде көрсетілген қылмыстардың біреуін жасап отырғанын ұғынады және оны жасағысы келеді.

Туындылардың контрафактілік көшірмелерін немесе фонограммаларды сатып алу, сақтау, тасымалдау кезінде оларды сату мақсаты міндетті болып табылады.

ҚК 199 б. 3 бөлімінде ірі мөлшермен қатар тағы екі квалификациялаушы белгі көрсетілген: қылмысты алдын ала келіскен адамдар тобының немесе ұйымдасқан топтың; өз қызмет бабын пайдаланған тұлғаның жасауы.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Жеті Жарғы.
- 2 Алауханов Е.О. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім. – Алматы, 2008.
- 3 Сергеев А.П. Право интеллектуальной собственности в Российской Федерации. – М., 1996. – С. 3.
- 4 Қазақстан Республикасы азаматтық кодексі. – Алматы: Жеті жарғы, 1998.

References

- 1 Kazakhstan Respublikasynyn Konstitucijasy. – Almaty: Zhety Zhargy.
- 2 Alauhanov E.o. Qylmystyk. Erekshe copyright belim 2008zh:
- 3 Sergeev A.P. Intellectual property law in the Russian Federation. – M., 1996.
- 4 Kazakhstan Respublikasy azamattyk kodeksi. – Almaty: Zhety zhargy, 1998.